



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Хотелось бы, чтобы их произведения и переводы были доступны каждому читателю, редкие архивные материалы публиковались, а молодое поколение изучало творчество талантливых поэтов и переводчиков и училось у них. Значение учителей в истории образования для казахского народа очень велико. Мы воздаем должное Ы.Алтынсарину и его ученику С.Кубееву за их добрые дела.

Список литературы:

1. Алтынсарин И. Избранные произведения. Алма– та: Академия наук КазССР, 1957. 465 с.
2. Джумагулов К.Т. Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. Алма–Ата: Казахстан, 1984. 204 с.
3. Дербісалин Ә. Ы. Алтынсарин – өмірі мен қызметі туралы. 1965 ж.
4. Алтынсарин Ы. Даланың алып қоңырауы. Қостанай, 1991 ж.
5. Бондаренко М. Ученик Ибрая. Ж. Архивист, 2016, январь июнь С.97–106

ӘОЖ: 373.1

**Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КӨБЕЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ
АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ**

*Кабденова Жанна Маратовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог – зерттеуші
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Әулікөл ауданы білім білім бөлімінің
С.Баймағамбетов атындағы
Әулікөл мектеп–гимназиясы» ҚММ
Әулікөл селосы, Қазақстан
E-mail: zhanna250970@mail.ru*

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: Мақалада ұлы ағартушы – педагог, жазушы этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткерлері, жаңа қазақ педагогикасының негізін қалаушылары Ыбырай Алтынсарин мен С. Көбеевтің еңбектері, мұралары, қазіргі заманауи білім беруде ұстаздық – тәлімдік ілімдерінің үндестігі жайында ой қозғалады.

Түйінді сөздер: ұрпақ, тәлім – тәрбие, ұлттық, ілім, заманауи, мұра.

Аннотация

Актуальность и цель: великое наследие выдающихся личностей Ыбырая Алтынсарина и Спандияра Кубеева пользуются особым вниманием в современном образовании. Созвучная педагогическая деятельность соотечественников, все чаще и чаще становится востребованной в современной системе образования.

Ключевые слова: поколение, образование, национальное, образование, современность, наследие.

Abstract

Relevance and purpose: the consonant great heritage of outstanding personalities YbyrayAltynsarin and SpandiyarKubeev enjoy special attention in modern education. The pedagogical activity of compatriots is increasingly in demand in the modern education system.

Key words: generation, education, national, education, modernity, heritage.

Қазақ халқының рухани өмірінде тарих бойы үзілмей келе жатқан қарама – қарсы екі ағым болатын. Бірінші ағым – халықтық, бұқаралық ағым, екіншісі – үстем таптың сойылын соғып, шашбауын көтеретін, халық тілегіне қарсы ағым. Бұл ағымдар әр дәуірде болған халық өміріндегі уақиғаларды өз тұрғысынан қарап, өз тілегіне сай жырлатып отырды. Бұл тарихтың желісі болып келген тап тартысының рухани өмірге тигізген ықпалы болатын.

Сол кездегі болған ілгері демократиялық, ағартушылық ағым Қазақстан үшін Ыбырайды кейін Спандиярды берді. Ұлы ағартушы – мұғалім Ыбырай Алтынсариннің қайраткерлігінде зор қасиет бар. Ол өзінің мұғалімдік еңбегін діни оқуға, молдаларға қарама – қарсы қойды, мұғалімдіктің ғылыми негізіне түсініп, ұлы педагог Ушинскийдің педагогикасынан нәр алып, құлашты кең жайды. Озық әдебиетті дәріптеп, оқығанды ілгеріге ұмтылдырып, өрісін кеңейтер шығармалараударып, мұғалімдік еңбегінде қазақ халқының ескерерлік қазынасын да мол пайдаланды. Ыбырай мұрасымен еңбегін ұштастырған белгілі Спандияр Көбеевті атауға реті бар. Көбеевтің шығармаларының және аудармаларының өзіне тән өзгешеліктері бар. Ол өзгешеліктер бір жағынан реалистік жолдың ықпалынан, екіншіден Алтынсариннің педагогикалық әсерінен туған. [1, б. 5]

Спандияр оқытушы – ағартушы адам. Оның оқытушылық кәсібі өнегелік, өсиеттік, табиғаттану деген сияқты бала тәрбиелеуге керек, педагогикалық, дидактикалық шығармаларды қажет етті. Бұдан Ыбырайдан қалған бағытты Спандиярдың нық тұтып, өнегелі дәстүрді дамытуға тырысқандығын

көреміз. Жақсылық пен жамандықты, озбырлық пен зұлымдықты, тапқырлық пен топастықты мысалдар арқылы бала ұғымына тезірек жеткізуге болады деп сенді. [2, б. 3]

Ы.Алтынсариннің идеялары бүгінде белгілі. Олардың кейбіреулері егемен Қазақстанның жаңа мектеп жағдайында дамып келе жатқан бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын ол мектептегі білім беру жүйесінде негізгі орынды жаратылыстану пәніне, орыс және қазақ тілдерін оқытатын пәндерге берді. Дәл осы мәселенің тұжырымдалуы бүгінгі таңда елімізде қостілділіктің өмір сүру нормасы ретінде орнығуы туралы сөз қозғағанда өзекті болып отыр.

Мұғалім – тәрбиеші мектептің негізгі міндетін шынайы біліммен байланыстыру деп есептеді, ол әртүрлі құбылыстарды эксперименттік түрде зерттей отырып, оқушылардың білімді көрнекі түрде меңгеруін қамтамасыз етті. [2, б. 6]

Мектепте жаратылыстану пәндерінен сабақ беруді ол өте құнды деп санады. Осыған ұқсас құбылысты қазіргі заманауи мектебінде де байқаймыз, мұнда жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерді оқытуға, сонымен қатар оқушыларды бейіндік оқытуға басты назар аударылады. Бүгінгі таңда оқыту мен оқуда конструктивтік теорияларға негізделген тәсілдер белсенді түрде қолданылуда, бұл оқушылардың сыни ойлауы дамыған, өзіндік ынталы, дербес, ынталы тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді. Заманауи мектеп баланы тәрбиелеуге, оның ой – өрісін кеңейтуге, оның өзін – өзі жүзеге асыруына, қабілетін ашуға және көрсетуге, жетістікке жетуге мүмкіндік беру үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Табысты дамыту шарттарының бірі – өзін – өзі жүзеге асыруға шексіз мүмкіндіктер беретін іс – әрекеттерге қатысу. Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты – оқулық деп санайды. Ол балаларға ана тілін аса ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез – құлыққа баулуды көздейді. 1876 жылдан бастап қазақ ауыз әдебиеті мен қазақтың салт – дәстүрі үлгісіне негізделген «Қазақ хрестоматия» оқу құралын жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда басып шығарды. Рухани бай тұлғаны қалыптастыру тек мектептен ғана емес, туғанынан отбасынан басталуы керек. Халқымызда «Ағаш түзу өсу үшін көмектесу керек, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп жай айтылмаған. Бұл мысал «Бақша ағаштары» әңгімесінде суреттелеген. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп өсіру үшін отбасы мен мектеп, яғни мұғалімдер маңызды роль атқарады. Тәрбие үрдісі екі жақты үрдіс, себебі бала тек мектептен тәрбие алмайды, ол отбасынан, қоғамнан, араласатын достарынан үлгі – өнеге алады. Бүгінгі бала ертеңгі ер азамат болғандықтан да балаға қарап біз болашығымызды болжап, бағалаймыз. Өмір табалдырығын енді аттап, шыр етіп дүниеге келген сәттен – ақ сәби алдымен адам, жеке тұлға, парасатты азамат қалыптасуына берген тәрбиенің маңызы мен ықпалы зор. Шығармасында еңбек сүйгіштікке баули отырып: «Ол қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысын, сен де еңбек ет, босқа жатпа» – дейді. Кез келген адам аз жұмысты қиынсынады. Жазушыны ойынша бұл жақсылықтың белгісі емес. Сондықтан балаларды жасынан еңбекке баулу керек. Жазушының осы әңгімесінде кішкентай жәндіктердің өмір, тіршілік үшін тыным таппай ететінін айта келіп, оларды үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші сияқты сен де еңбек ет, босқа жатпа деп үйретеді. Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты – оқулық деп санайды. Ол балаларға ана тілін аса ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез – құлыққа баулуды көздейді. 1876 жылдан бастап қазақ ауыз әдебиеті мен қазақтың салт – дәстүрі үлгісіне негізделген «Қазақ хрестоматия» оқу құралын жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда басып шығарды. Рухани бай тұлғаны қалыптастыру тек мектептен ғана емес, туғанынан отбасынан басталуы керек. Халқымызда «Ағаш түзу өсу үшін көмектесу керек, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп жай айтылмаған. Бұл мысал «Бақша ағаштары» әңгімесінде суреттелеген. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп өсіру үшін отбасы мен мектеп, яғни мұғалімдер маңызды роль атқарады. Тәрбие үрдісі екі жақты үрдіс, себебі бала тек мектептен тәрбие алмайды, ол отбасынан, қоғамнан, араласатын достарынан үлгі – өнеге алады. Бүгінгі бала ертеңгі ер азамат болғандықтан да балаға қарап біз болашығымызды болжап, бағалаймыз. Өмір табалдырығын енді аттап, шыр етіп дүниеге келген сәттен – ақ сәби алдымен адам, жеке тұлға, парасатты азамат қалыптасуына берген тәрбиенің маңызы мен ықпалы зор. Шығармасында еңбек сүйгіштікке баули отырып: «Ол қарлығаш, өрмекші құрлы жоқпысын, сен де еңбек ет, босқа жатпа» – дейді. Кез келген адам аз жұмысты қиынсынады. Жазушыны ойынша бұл жақсылықтың белгісі емес. Сондықтан балаларды жасынан еңбекке баулу керек. Жазушының осы әңгімесінде кішкентай жәндіктердің өмір, тіршілік үшін тыным таппай ететінін айта келіп, оларды үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші сияқты сен де еңбек ет, босқа жатпа деп үйретеді. Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы – оқулық деп санайды. Ол балаларға ана тілін аса ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез – құлыққа баулуды көздейді. [2, б. 271]

Қазіргі мектептің басымдықтары – қоғамның мүшесі ретінде өзін – өзі жүзеге асыруға, оқушылардың әлеуметтік және кәсіби өзін – өзі анықтауына, олардың қазақ тілін меңгерген үздіксіз

білім алуға бағдарлануында көрінетін тұлғаның әлеуметтік прогрессивті типін қалыптастыру. Дәл осыны Ы.Алтынсарин мен С.Көбеев өз шығармаларында айтып, қазіргі мектеп талабымен үндестірген. Олар бүкіл саналы ғұмырын, сарқылмас қайрат – жігерін, өткір ақылын, халқына деген әкелік махаббатын – халық ағарту ісіне арнады! Ыбырай Алтынсарин есімінің өлместігінің бастауы осында емес пе? Олар қазақ балаларына ана тілінде өте дарынды повестер мен поэмалар тудырған Алтынсарин Абаймен бірге қазақ әдебиетінің тарихынан жазушы – суретші ретінде лайықты орын алды. Оның бала жүрегіне, бала қызығуына соншалықты жақын, шынайы жазылған шығармалары күні бүгінге дейін ескірген жоқ. Алтынсарин дарынды ұстаз, жазушы және қоғам қайраткері, халық мектебі үшін, халық ағарту жолындағы күрескер ретінде өзінің тынымсыз қызметін көрсетті. [3, б.20]

Ағартушылар оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда мұғалімге бірінші кезектегі рөлді, оның оқу – тәрбие үрдістерінің мақсаттарын жүзеге асырудағы әлеуметтік – адамгершілік миссиясын жүктеді. Мектептің табысты болуы, халықтың болашағы ұстазға байланысты: «Мұғалім – білім берудегі ең маңызды тұлға. Ең жақсы оқу құралдарын, үкімет қаулыларын, ең қатаң инспекторлық бақылауды маңыздылығы жағынан мұғаліммен салыстыруға болмайды. Сондықтан мен үшін жақсы ұстаз дүниедегі барлық асыл тастардан қымбат». Педагогикалық жұмыста Алтынсариннің пікірінше, барлық мәселе «мұғалімнің оқытудың ең жақсы әдістерін таба білуінде және балалармен дұрыс қарым – қатынас жасауында». Ұстаз бейнесі Ыбырай Алтынсаринді қатты толғандырды. Халық даналығы: «Ұлтты да, қоғамды да ұстаз жасайды» дейді. Бүгінгі күні де өз күшін сақтап қалған бұл ежелгі дана сөзде педагогикалық еңбектің қоғамдық – гуманистік мәні бар. Шындығында, еліміздің өндіріс күштерінің дамуының, оның әлеуметтік прогресінің, жасампаздық әлеуетінің бастауында мұғалім тұрады. Ұстазсыз батыр да, ақын да, саясаткер де, ғалым да болмайды. Ұстаздық мамандықтың биік мақсаты оның тұлғасына да бірдей жоғары талаптар қояды. Бұл туралы ұлы ағартушы: «Жақсы білім беру керек, кездей соқ оқытуға болмайды...» деген. Ол ұстаздар шәкірттерін жақсы көріп, шәкірттері мен ата – аналарының сүйіспеншілігіне бөленуі керек деп есептеді. Ал сонда тәрбие мен білім берудегі мақсатқа жетуге болады. [4, б. 7]

Қос ағартушылардың ұстанымдары педагогикалық қағидалары, шарттары күні бүгінге дейін бала тәрбиесінде маңызды. Қарапайым халықты ойлап, елінің алдында өшпес қызмет жасап кеткен тұлғалардың мұралары мәңгі өшпес. Ұрпақты тәрбиелеудегі қосқан үлестері ұшан теңіз. Негізін қалап берген білім беру жүйесі, жылдан жылға мәртебесі өсіп, оның аясы кеңіп барады. Жасөспірімдерді тәрбиелеу жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне көп көңіл бөлді. Қазақстанның қазіргі рухани – мәдени дамуына олардың шығармалары өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жас ұрпақ оны ағарту ісінің ұйымдастырушы ретінде таниды. Ыбырай мен Спандияр аталарымыздың мұрасы ғасырлар бойы ұрпақты тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Алтынсарин мен Көбеев халқының игілігі үшін қызмет етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Жастардың болашаққа деген сенімін қолдады. Олардың педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп жүйесі ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуге зор үлесін қосты десек, қателеспейміз. Қазіргі таңда ұстаздың сабағында жаңа технология әдіс – тәсілдері оқушыларды ортамен қарым – қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта тұжырымға келу, жауапкершілікке, еңбектенуге үйретеді. Қос ұстаздарымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе. Жазушылардың алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегеді, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңменжалғыз алысы», аңсаған арманға дету жолында бойдағы бар күш қайратын, ақыл парасаттарын сарп еткен ақындар қатарында қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай мен Спандияр шығармашылығы жас ұрпақтың рухы мен сана – сезіміне, дене дамуына пайдалы екенін көбінен жартысы түсінбейді және шығармаларды көбі оқымайды. Сондықтан мен оқушыларға Ыбырай мен Спандияр ұстаздарымыздың педагогикалық еңбектерін әрдайым оқуға кеңес бере едім. [5, б. 6]

Қазіргі уақытта оқушылардың оқу процесі мен нәтижелеріне ең үлкен әсер ету фактісі мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесін басқару органдарының мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз етудегі қызметі емес, мұғалімнің өзінің күнделікті сабақтағы жұмысы болып табылады. Оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған. Бүгінгі таңда мектеп қызметін жетілдіретін және оқушының оқуының табыстылығын қамтамасыз ететін негізгі тұлға – мұғалім. Кәсіби өсу мен кәсіби білімнің қалыптасуына барлық жағдай жасалған. Заманауи мектепте мұғалімнің өз іс – әрекетінің ерекшеліктеріне сәйкес келетін кәсіби қасиеттерінің болуы маңызды, сонымен қатар мұғалімнің оқушыға басқаша көзқарасын үйренуі қажет. Әсер ету объектісінен оқушы қазіргі мектептегі іс – әрекет субъектісіне айналады. Табысты мұғалім әрқашан зерттеуші. Өйткені, бірдеңені «беру» үшін бірдеңе «болуы» керек. Табысты педагог заман талабына сай жетілдіріп, ілесіп отыруы керек, өзінің дамуына: өзін – өзі тәрбиелеуге, әдіс – тәсілдер мен дағдыларды жетілдіруге көңіл бөлуі керек. Өйткені, бүгінде үйренуді білетіндер ғана сабақ бере алады. Мұғалім мамандығы өзінің бастапқы мазмұнын өзгертуде. Мұғалімдер кеңесшілерге, тәлімгерлерге және делдалдарға айналады, олардың міндеті студенттердің

білімін қалыптастыруға және ол үшін жеке жауапкершілігін сезінуге көмектесу болып табылады. Балалармен диалогта, бірлескен шығармашылықта ғана нағыз сабақ туады, оқу іс – әрекетіне ынтасы артады. Мұғалім оқытудың жаңа жолдарын іздестіру, табу керек. Табысты мұғалім инновациялық тәсілдер мен әдістерден қорықпайды, оқушының игілігі үшін жұмыс істейтін әртүрлі формаларды пайдаланады. [6, б. 3]

Заманауи білім беруде басты назар жоғары әлеуметтік мәртебеге және материалдық құндылықтарға ие болуда табысқа жетуді ғана көздейтін, бірақ адамның шынайы бақыты туралы ойлауға үйретпейтін интеллектуалдық дамуға аударылады. Бүгінде моральдық құндылықтардың құнсыздануы, басымдықтардың материалдық жағына ауысуы байқалады. Рухани туралы ойланбай, көп білім алған адам өзін бақытты сезіне алмайды. Қазақтың қос ағартушысы отандық тәрбие туралы ойларын қорытындылай келе, қазіргі білім беруде өзектілігін жоймаған мынадай ойларды анықтауға болады:

- халықты жалпыға бірдей тәрбиелеу идеясы
- демократиялық білім беру жүйесін құру
- жас ұрпақты тәрбиелеудің тұтас тұжырымдамасын жасау
- ағартушылық және білім беру мақсаттарын айқындау – ұлтжанды, өз халқының

мүддесі үшін өмір сүретін еңбекші, ақыл – ойы дамыған, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу. Алтынсарин мен Көбеевтің идеялары бүгінде белгілі. Қоғамның болашағы білім беру жүйесіне байланысты, өйткені бүгінгі балалар уақыт өте келе жаңа заман елінің тағдырын құра бастайды. Білім берудің бірінші кезектегі міндеті – қазіргі өмір талабынан артта қалуды еңсеру, яғни оқушыларды дайындауда тек бүгінгі күннің проблемалары мен қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге болашақта көрінетін мәселелерді де ескеру қажет. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінде тұрақты даму және оның бәсекеге қабілетті адам ресурстарының озық дамуына негізделген. Бәсекеге қабілетті қоғамдағы білім беру саласы әлеуметтік саланың қарапайым элементі болудан қалып, елдің болашағына инвестиция құю құралына айналады. Олай болса, жаңартылған білім мазмұнын беру бағдарламасында көрсетілгендей бүкіл қазақстандық білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, білімді, шығармашыл, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту. Өз мүддесі сияқты барынша өзін – өзі жүзеге асыруға дайын, және қоғам мүддесі үшін ұлы ұстаз және ағартушы Ы.Алтынсариннің сөзін қуаттайды: «Біздің әрқайсымыздың міндетіміз – біздің Отанымыз игілікті болуына үлес қосу». [6, б. 3]

Әдебиеттер тізімі:

1. Өтетілеуов Б. Шығармалар. Алматы, 1961
2. Қирабаев С. Спандияр Көбеев «Өмірі мен жазушылық қызметі»
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы. «Ана тілі». 1993
4. Ильминский Н. Воспоминания об Алтынсарине. Казань, 1891
5. Жарикбаев К., Калиев С. Антология педагогической мысли Казахстана. Алматы, 1995
6. <https://egemenkz>.

ӨЖ 37.034

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

*Камалова Айнур Мағзумовна
бастауыш сынып мұғалімі
Султанова Гулден Қонысбайқызы
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласының білім бөлімінің
№ 24 мектеп – гимназиясы» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: gulden91@mail.ru*

Андатпа

Авторлар мақалада Қазақстан қоғамын қажырлы еңбек пен рухани байытуға шабыттандырған Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері өміршеңдігін тілге тек етеді. Ағартушының шығармашылығындағы адамгершілік пен тәрбие тақырыбының мәнін ашуда тиімді әдістерді кеңінен қолдана білген. Ағартушы – педагогтың мұрасы бастауыш сыныпта тәрбие көзі ерекше болу деп сөз етеді. Ы.Алтынсариннің шағын әңгімелерін сабақ барысында жаңа технология элементтерін қолдану арқылы қазіргі оқушыларға жеткізудің тиімді жолдары көрсетілген. Заман талабына сай үндестігін ашып көрсету – мақала мазмұнында қарастырылған.